



ҚАУЛЫСЫ

Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Атырау

Атырау облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Атырау облысы тұрғындары арасында коронавирустық инфекция (COVID-19) ауруының алдын алу бойынша шаралар туралы» 2020 жылғы 10 мамырдағы №44-ПГВР қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Мен, Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Мусағалиев Темірбек Сарымович коронавирус инфекциясының таралуын ескерту мақсатында, «Халық денсаулығы және халық саулығы жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150-бабына және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы №37 қаулысына сәйкес, Атырау облысы аумағында COVID-19 ауруының тіркелуіне және ауру деңгейінің 7 күн ішінде 7 пайыздан жоғарылауына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Атырау облысы аумағында шектеу шаралары созылсын және Атырау қаласы, Жылыой ауданы, Мақат ауданы, Мақат поселкесінде карантин режимі 2020 жылғы 8 маусым 07:00-ге дейін созылсын.

2020 жылғы 25 мамыр сағат 07.00-ден 8 маусым сағат 07.00-ге дейін Атырау облысының жедел штабымен бекітілген блок-посттарды кесіп өту ережелерінде көрсетілген жағдайлардан тыс, Атырау қаласының карантиндік аймақтарына кіріп-шығуға тыйым салынсын.

2. 2 метрге дейін әлеуметтік ара қашықтықты сақтай отырып, міндетті түрде маска тағу арқылы (үш адамнан артық емес топ немесе бір отбасы мүшелері) азаматтарға тұрғылықты жерінен шығуға рұқсат берілсін;

Азаматтардың қозғалысына тек жұмысқа баруға, азық-түлік, дәрі-дәрмек, бірінші қажеттіліктегі заттарды алуға, рұқсат берілген қызмет түрлерін алуға (тұрғылықты жеріне жақын мандағы), шұғыл жағдайлар бойынша дәрігерлік көмек алуға байланысты жағдайда ғана жеке, қызметтік, қоғамдық көлікпен жүруіне рұқсат беріледі;

Сағат 23.00 мен 06.00 аралығында Атырау қаласында, 21.00 мен 6.00 аралығында Жылыой ауданында, 20.00 мен 6.00 аралығында Мақат ауданындағы Мақат поселкесінде мемлекеттік органдар, жедел жәрдем және шұғыл медициналық қызмет көрсету қызметкерлері, мемлекеттік медициналық мекемелер, санитарлық - эпидемиологиялық қызмет, өрт

сөндіру, авариялық құтқару және авариялық техникалық қызмет, сондай ақ, стратегиялық маңыздағы нысандарға өндірістік қызмет көрсететін және өмірді қамтамасыз ету нысандары қызметкерлерінен (бөгде адамдарсыз, отбасы мүшелерінсіз және қызметтік куәлік пен жұмыс орнынан берілген анықтамасымен) басқа азаматтар мен көліктердің қозғалысына жаппай тыйым салынады.

3. Атырау облысы әкімдігі:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы, 22 мамырдағы № 37 -ші қаулысының (әрі қарай ҚР БМСДҚ) 15-ші қосымшасына сәйкес, санитарлық-дезинфекциялық талаптарды сақтай отырып, Атырау қаласында сағат 06.00 мен 23.00 аралығында қоғамдық көліктердің қызметін толықтай қалпына келтірсін.

2) ірі көлемдегі думанды, спорттық, өзге де бұқаралық шараларды өткізуге, сонымен бірге, отбасылық, еске алу шараларының, соның ішінде үйде өткізілуіне тыйым салсын.

3) діни нысандардың жұмысына тыйым салсын;

4) ҚР Үкіметінің ведомствоаралық комиссиясымен бекітілген рейстерден басқа, Атырау халықаралық әуежайының, теміржол вокзалы, автовокзал жұмысының тоқтатылуын сақтасын.

4. Атырау облысы әкімдігі «Атамекен» ҰКП-мен бірлесе отырып, 2020 жылғы 25 мамыр сағат 7.00-ден бастап, төмендегі кәсіпкерлік ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметін қамтамасыз етсін:

1) туристік агенттіктер (ҚР БМСДҚ 11 қосымшасына сәйкес);

2) көңіл көтеру нысандарынсыз саябақ, алаң, шағын бақтарға, жағалауларға үш адамнан артық емес топпен немесе бір отбасы мүшелерімен баруға рұқсат берілсін;

3) автосөрелер мен сатушы, сатып алушылар арасында ара қашықтықты сақтай отырып, жергілікті ауылшаруашылығы өнімдері үшін ашық алаңдарда жәрмеңке өткізуге 9.00-17.00 жұмыс уақыты аралығында рұқсат берілсін;

4) сағат 09.00-22.00 аралығында гипермаркет, супермаркет, азық-түлік дүкендері, дәріхана, бірінші қажеттіліктегі тауарлар саудасы нысандарының (ҚР БМСДҚ 17 қосымшасына сәйкес) жұмысына рұқсат берілсін;

5) дәмхана, мейрамхана, кофехана, асхана, бар (кальян барлардан басқа) жұмыстарына бір мезгілде қабылдау 30 адамнан артық емес (ашық алаңдарда 50 адамнан артық емес) жағдайда және 2 метрден кем емес әлеуметтік ара қашықтықты сақтай отырып, бір үстелде 4 адамнан артық емес адамды отырғыза отырып (отбасы мүшелерінен басқа), (ҚР БМСДҚ 17 қосымшасына сәйкес) сағат 09.00-22.00 жұмыс режимі аралығында қызметіне рұқсат берілсін;

5. Аталған қаулының орындалуын өзіме қалдырамын.

6. Аталған қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Атырау облысының Бас
Мемлекеттік санитарлық дәрігері**

Т.Мұсағалиев